

Валюта жестілігі

2023.06.02-
10.02



Өткен аптада **теңге** нығаюын жалғастырды. Валюта бағамы бір доллар үшін 450.80 теңге көлемінде жабылды. АҚШ ФРЖ төрағасының «Биыл инфляцияның түсетіндігін күтеміз» деген сөзінен кейін доллар индексі өсті. Бірақ ақша-несие саясаты қатаңдатылатыны туралы алып-қашпа әңгімелер әлі де айтылуда.

Ә **мұнай** бағасы 8.7%-ға өсіп, жұма күні бір баррель үшін 86.4 доллар көлемінде жабылды. Оған РФ вице-премьері Александр Новактың мұнай өндіруді тәулігіне 500 мың баррельге қысқарту жоспары туралы айтқан сөзі себеп болды. Сондай-ақ жер сілкінісіне байланысты Түркияның ең ірі мұнай портының уақытша жабылғаны да қосымша болды.

Сол арқылы Әзірбайжан мен Ирак мұнайы Еуропа елдеріне тасымалданатыны белгілі. РФ ОБ базалық мөлшерлемесінің сақталуының және ақша-несие саясатының қатаңдатылу мүмкіндігі туралы «қаршығалық» сигналдың тиімділігі уақытша ғана сипатқа ие болды. Шетел валютасын сату бойынша жаңа бюджеттік ереже де **рубль** бағамына оң әсер ете алмады.

Барлығын қосқанда жалпы сыртқы ахуал теңге бағамына көбінесе оң әсер етті. Сонымен қатар теңгелік құралдарға деген сұраныстың өсе бастағандығын, сәйкесінше нарықта валюта ұсынысы жоғарылағанын байқаймыз. Салық аптасының басталуы да теңге бағамының серпініне оң әсер етеді. Алайда ол уақытша ғана сипатқа ие болады.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.10.02 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.13.02 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	86.4	8.1%	2.7%	▼	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	3.75%	06.12.2022	▼
ОБ нақты мөлшерлемесі	103.6	0.7%	-1.3%	▲		АҚШ ФРЖ	1.65%	01.02.2023	▲
USDRUB	73.9	5.7%	-1.9%	▼		ЕОБ	-3.30%	02.12.2022	▲
CDS спреді (USD/KZT)	10.56	-0.2п.т.	-0.13п.т.	▼		РФ ОБ	0.50%	10.02.2022	▼

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	курс 2023.10.02	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	450.8	-1.7%	-1.4%	-2.6%	414.67	512.19
EUR KZT	482.6	-3.7%	1.5%	-2.1%	443.06	563.56
RUB KZT	6.2	-5.1%	-0.2%	-3.7%	3.98	9.1
CNY KZT	66.3	-2.6%	0.6%	-0.7%	62.21	80.76

Индексы и расчеты Jusan Analytics

индекстің атауы	2023.03.02 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	86.8	2.8%	3.7%	2.9%	
Теңгенің құбылмалылығы*	1.0%	0.8%	1.5%	5.3%	
Экспорттық бағалар индексі	153.0	4.5%	4.2%	-2.7%	


* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.

Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
30.01.2023	USDKZT	458.7			×	Сыртқы жағымсыз әсерге қарамастан бағамның нығаюы
06.02.2023		450.8	465.3	477.5	×	Теңгелік құралдарға деген сұраныстың жоғарылығы және экономикалық агенттерде базалық мөлшерлеменің төмендетілуін күту аясында валютаның артық ұсынылуы және инфляцияның едәуір тез тұрақтауы

* сәйкес келеді, × сәйкес келмейді

Jusan Analytics есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам



Біз бағам бойынша болжамымызды теңге жайғасымының нығаю жағына қарай қайта қарап шықтық. Бұған бірінші кезекте біздің модельдерге енгізілетін инфляциялық болжамдарды түзету жағдайы себеп болды. Айталық, ҚРҰБ жаңартылған деректеріне сүйенер болсақ, күтілетін инфляцияны бағалау 21.3%-дан 17.3%-ға дейін қысқарды. Сәйкесінше барлық сценарийлер бойынша болашақ кезеңдерге қатысты болжамдардың өзгеру қарқыны қайта қаралды. Мұнай нарығының тұрақты күйін және оған деген сұраныстың жоғары екендігін көре отырып, біз де мұнайға қатысты пессимистік сценарийімізді қайта қарадық. Осы ретте барлық сценарийлерде біз базалық мөлшерлеме бойынша болжамымызды өзгертпейміз. Өйткені ҚРҰБ риторикасына зер салсақ, реттеуші базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде ұстап тұруға ниетті.

Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz